

**Жоғары дәрежелі спортшылармен, жоғары дәрежелі спортшыларды даярлауды жүзеге асыратын жаттықтырушылармен және дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандармен спорттық қызмет туралы шарттар бойынша ақша төлемдерінің критерийлері мен мөлшерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының 2014 жылғы 28 шілдедегі № 296 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 5 тамызда № 9677 тіркелді.

**Ескерту. Тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің 03.10.2025 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

"Дене шынықтыру және спорт туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 52) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Туризм және спорт министрінің 03.04.2025 № 47 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Мыналар бекітілсін:

1) осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес жоғары дәрежелі спортшылармен спорттық қызмет туралы шарттар бойынша ақша төлемдерінің критерийлері мен мөлшері;

2) осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес жоғары дәрежелі спортшыларды даярлауды жүзеге асыратын жаттықтырушылармен және дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандармен спорттық қызмет туралы шарттар бойынша ақша төлемдерінің критерийлері мен мөлшері.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің 03.10.2025 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Жоғары жетістіктер спорты және спорт резерві департаменті (С.М. Жарасбаев) заңнамамен бекітілген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықтың бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі төрағасының орынбасары Е.Б. Қанағатовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Спорт және дене шынықтыру істері

агенттігінің төрағасы

Т. Есентаев

Қазақстан Республикасы  
Спорт және дене шынықтыру  
істері агенттігі төрағасының  
2014 жылғы 28 шілдедегі  
№ 296 бұйрығына  
1-қосымша

**Жоғары дәрежелі спортшылармен спорттық қызмет туралы шарттар бойынша ақша төлемдерінің критерийлері мен мөлшері**

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің 03.10.2025 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| № | Тұлғалар санаты және жарыстың атауы | Жоспарланған нәтиже (міндеттемелер) | Шарттар бойынша ай сайынғы ақшалай төлемдердің мөлшері (АҚШ долларында) | Критерийлер                                                                                                                                                                                                                                                                                            | Ескертпе |
|---|-------------------------------------|-------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|
|   |                                     | 1-орын                              | 700-ден (жеті жүзден) 7500-ге (жеті мың бес жүзге) дейін                | Ж а з ғ ы олимпиадалық спорт түрлері бойынша соңғы Олимпиада ойындарындағының алдында 1-3 орын немесе соңғы Әлем Чемпионатының алдында 1-3 орын алған спортшылар немесе қысқы олимпиадалық спорт түрлері бойынша соңғы Олимпиада ойындарының алдында 1-3 орын алған немесе соңғы Ә л е м Чемпионатының |          |

|                                                                                                      |        |                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------|--------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Олимпиадалық ойындарда медальдарды жеңіп алуға дайындықты жүзеге асырып жатқан спортшылар-үміткерлер |        |                                                        | алдында 1-3 орын алған немесе соңғы Дүниежүзілік Универсиадада 1 орын алған спортшылар немесе Әлем Кубогының соңғы екі маусымында (Әлем Кубогының кезеңдерінде, Дүниежүзілік Серия) 1-2 орын алған спортшылар.                                                 | Шарт жасасуды д е н е шынықтыру-спорт ұйымдары бөлінген каражат шегінде , Олимпиада ойындары аяқталғаннан кейін және келесі Олимпиада ойындарына дейін немесе спортшы олимпиадалық спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының штаттық ұлттық командаларының құрамынан шығарылғанға (енгізілмегенге) дейін жүзеге асырады. Төлемдер Олимпиада ойындары басталғанға дейін ай сайын аталған сомдан 50%-ы төленеді, қалған 50%-ы Олимпиадалық медальды жеңіп алу келісімшартының шарттарын орындағаннан кейін Олимпиада ойындары аяқталған соң |
|                                                                                                      | 2-орын | 500-ден (бес жүзден) 5500-ге (бес мың бес жүзге) дейін | Ж а з ғ ы олимпиадалық спорт түрлері бойынша шарт жасалған жылдың алдындағы немесе ағымдағы жылғы соңғы Олимпиада ойындарында 4-6 орын алған спортшылар немесе қысқы олимпиадалық спорт түрлері бойынша соңғы Олимпиада ойындарында 4-6 орын алған спортшылар. | Ж а з ғ ы олимпиадалық спорт түрлері бойынша соңғы Ә л е м чемпионатында 4-6 орын немесе жастар, жасөспірімдер арасындағы шарт жасалған жылдың алдындағы соңғы екі Әлем                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
|                                                                                                      |        |                                                        | Ж а з ғ ы олимпиадалық спорт түрлері бойынша соңғы Ә л е м чемпионатында 4-6 орын немесе жастар, жасөспірімдер арасындағы шарт жасалған жылдың алдындағы соңғы екі Әлем                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |

|  |  |        |                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                    |
|--|--|--------|------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  |  | 3-орын | 300-ден (үш жүзден) 3500-ға (үш мың бес жүзге) дейін | чемпионатының бірінде 1 орын алған спортшылар немесе қысқы олимпиадалық спорт түрлері бойынша соңғы Әлем чемпионатында 4-6 орын немесе жастар, жасөспірімдер арасындағы соңғы екі Әлем чемпионатының бірінде 1 орын немесе шарт жасалған жылдың алдындағы соңғы Дүниежүзілік Универсиадада 2-3 орын немесе ағымдағы маусымның Әлем кубогында (Әлем кубогының кезеңдерінде, Дүниежүзілік Серияда) 3 орын алған спортшылар. | күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде төленеді.                                                                                                         |
|  |  | 1-орын | 700-ден (жеті жүзден) 3000-ға (үш мыңға) дейін       | Паралимпиадалық немесе сурдлимпиадалық спорт түрлері бойынша соңғы Әлем чемпионатының алдында немесе соңғы Әлем чемпионатында 1 орын алған спортшылар.                                                                                                                                                                                                                                                                    | Шарт жасасуды д е н е шынықтыру-спорт ұйымдары бөлінген қаражат шегінде , Паралимпиада немесе Сурдлимпиада ойындары аяқталғаннан кейін және келесі |
|  |  | 2-орын | 500-ден (бес жүзден) 2000-ға                         | Паралимпиадалық немесе сурдлимпиадалық спорт түрлері бойынша соңғы Әлем чемпионатының                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Паралимпиада немесе Сурдлимпиада ойындарына дейін немесе спорт түрлері                                                                             |

|   |                                                                                                                                |        |                                                       |                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|---|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------|-------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 2 | Паралимпиадалық немесе Сурдлимпийдалық ойындарда медальдарды жеңіп алуға дайындықты жүзеге асырып жатқан спортшылар-үміткерлер |        | (екі мыңға) дейін                                     | алдында немесе соңғы Әлем чемпионатында 2 орын алған спортшылар.                                                                                                                              | бойынша спортшы Қазақстан Республикасының штаттық ұлттық командаларының құрамынан шығарылғанға (енгізілмегенге) дейін жүзеге асырады. Төлемдер Паралимпиада, Сурдлимпийдалық ойындары басталғанға дейін ай сайын аталған сомадан 50%-ы төленеді, қалған 50%-ы медальды жеңіп алу келісімшартының шарттарын орындағаннан кейін Паралимпиада, Сурдлимпийдалық ойындары аяқталған соң күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде төленеді. |
|   |                                                                                                                                | 3-орын | 300-ден (үш жүзден) 1500-ге (бір мың бес жүзге) дейін | Паралимпиадалық немесе сурдлимпийдалық спорт түрлері бойынша соңғы Әлем чемпионатының алдында немесе соңғы Әлем чемпионатында 3 орын алған спортшылар.                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
| 3 | Олимпиадалық ойындардың чемпиондары мен жүлдегерлері                                                                           | 1-орын | 700-ден (жеті жүзден) 5000-ға (бес мыңға) дейін       | Спортшы спорттық дайындықты жалғастырған және спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық командасының құрамына кірген жағдайда Олимпиада ойындарында медальдарды нақты жеңіп алу. | Төлемдер келесі Олимпиада ойындарына дейін жүзеге асырылатын болады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|   |                                                                                                                                | 2-орын | 500-ден (бес жүзден) 4000-ға (төрт мыңға) дейін       |                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|   |                                                                                                                                | 3-орын | 300-ден (үш жүзден) 3000-ға (үш мыңға) дейін          |                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|   |                                                                                                                                |        |                                                       |                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|   |                                                                                                                                |        | 700-ден (жеті жүзден) 3000-ға                         | Спортшы спорттық дайындықты                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |

|   |                                                                                                                                                                              |        |                                                       |                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                             |
|---|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------|-------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------|
| 4 | Паралимпиадалық немесе Сурдлимпиадалық ойындардың чемпиондары мен жүлдегері                                                                                                  | 1-орын | (үш мыңға) дейін                                      | жалғастырған және спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық командасының құрамына кірген жағдайда Паралимпиада немесе Сурдлимпиада ойындарында медальдарды нақты жеңіп алу.                                          | Төлемдер келесі Паралимпиада немесе Сурдлимпиада ойындарына дейін жүзеге асырылатын болады. |
|   |                                                                                                                                                                              | 2-орын | 500-ден (бес жүзден) 2000-ға (екі мыңға) дейін        |                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                             |
|   |                                                                                                                                                                              | 3-орын | 300-ден (үш жүзден) 1500-ге (бір мың бес жүзге) дейін |                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                             |
| 5 | Олимпиадалық спорт түрлері бойынша әлем чемпионатының чемпиондары мен жүлдегерлері                                                                                           | 1-орын | 700-ден (жеті жүзден) 4000-ға (төрт мыңға) дейін      | Спортшы спорттық дайындықты жалғастырған және спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық командасының құрамына кірген жағдайда Олимпиадалық спорт түрлері бойынша Әлем чемпионаттарын да медальдарды нақты жеңіп алу. | Төлемдер келесі Әлем чемпионатына дейін жүзеге асырылатын болады.                           |
|   |                                                                                                                                                                              | 2-орын | 500-ден (бес жүзден) 3000-ға (үш мыңға) дейін         |                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                             |
|   |                                                                                                                                                                              | 3-орын | 300-ден (үш жүзден) 2000-ға (екі мыңға) дейін         |                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                             |
| 6 | Азия ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлері (жабық үй-жайлардағы Азия ойындарын, жасөспірімдер Азия ойындарын, Паралимпиадалық, Сурдлимпиадалық Азия ойындарын қоспағанда) | 1-орын | 500-ден (бес жүзден) 1000-ға (бір мыңға) дейін        | Спортшы спорттық дайындықты жалғастырған және спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық командасының құрамына кірген жағдайда жазғы және қысқы Азия ойындарында медальдарды нақты жеңіп алу.                         | Төлемдер келесі жазғы немесе қысқы Азия ойындарына дейін жүзеге асырылатын болады.          |
|   |                                                                                                                                                                              | 2-орын | 300-ден (үш жүзден) 700-ге (жеті жүзге) дейін         |                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                             |
|   |                                                                                                                                                                              | 3-орын | 200-ден (екі жүзден) 400-ге (төрт жүзге) дейін        |                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                             |

Ескерту: Егер спорт түрлері спорттық пәндерге немесе салмақ санаттарына немесе сыныптарға бөлінген жағдайда, тек Спорт пәндері немесе салмақ санаттары немесе Олимпиада, Паралимпиада немесе Сурдлимпиада ойындарының бағдарламаларына кіретін сыныптар есепке алынады.

Қазақстан Республикасы  
Спорт және дене шынықтыру  
істері агенттігі төрағасының  
2014 жылғы 28 шілдедегі  
№ 296 бұйрығына  
2-қосымша

**Жоғары дәрежелі спортшыларды даярлауды жүзеге асыратын жаттықтырушылармен және дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандармен спорттық қызмет туралы шарттар бойынша ақша төлемдерінің өлшемшарттары мен мөлшері**

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Туризм және спорт министрінің 03.10.2025 № 188 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

| № | Тұлғалар санаты және жарыстың атауы                                                 | Жоспарланған нәтиже (міндеттемелер) | Шарттар бойынша ай сайынғы ақшалай төлемдердің мөлшері (АҚШ долларында) | Өлшемшарттар                                                                                                                                                                                                                                                                                     | Ескертпе                                                                                                                                            |
|---|-------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 1 | Олимпиадалық ойындарда спортшылар-үміткерлердің медальдарды жеңіп алуына дайындықты | 1-3-орын                            | 700-ден (жеті жүзден) 4 000-ға                                          | Ж а з ғ ы олимпиадалық спорт түрлері бойынша Олимпиада ойындарында 1-6 орын немесе А з и я ойындарында 1-орын немесе Ә л е м чемпионатында 1-6-орын немесе А з и я чемпионатында 1-орын алған бір және одан да көп спортшыны дайындаған жаттықтырушы не қысқы олимпиадалық спорт түрлері бойынша | Шарт жасасу бөлінген қаражат шегінде ж ә н е Олимпиадалық ойындар аяқталғаннан кейін және келесі Олимпиадалық ойындарға дейін немесе дене шынықтыру |

|   |                                                                                                                                                   |          |                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|-------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|   | жүзеге асыратын бас жаттықтырушылар                                                                                                               |          | (төрт мыңға) дейін                              | Олимпиада ойындарында 1-6 орын немесе Азия ойындарында 1-орын немесе Әлем чемпионатында 1-6-орын немесе Азия чемпионатында 1-3-орын немесе Әлем кубогында (Әлем кубогы кезеңінде, Әлемдік серияда) 1-3-орын алған бір және одан да көп спортшыны дайындаған жаттықтырушы.                                                                                                                                         | және спорт саласындағы уәкілетті органмен лауазымынан босатылғанға дейін дене шынықтыру-спорт ұйымдарымен жүзеге асырылады.                                                                                                                                                                                                      |
